Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

EGEMEN QAZAQSTAN


www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz №58 (30787) 22 НАУРЫЗ 2024 ЖЫЛ, ЖҰМА

ЖӘДІГЕР

СЫРЫ БӨЛЕК САМАУРЫН

Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінде ескіліктің жұрнағындай болған самаурындар сансап тұр. Осылардың арасындағы еңселі жез самаурын бірден көз тартады. Музейге келген қонақтар да бұны қызықтап, жанында суретке түседі.

– Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің тарихы 1987 жылдың қараша айынан бастау алады. Бұл самаурын – музей ашылғанда қойылған алғашқы жәдігердің бірі. Алайда оны нақты кімнің әкелгені белгісіз, «Шалқар қаласындағы теміржол ауруханасынан тапсырылды» деген мәлімет қана бар. Ғасырдан астам уақыт бұрын өлкеміздің үстінен Орынбор – Ташкент теміржолының құрылысы басталып, Ресей инженерлері осында қоныстанған. Меніңше, бұл бұйым сол кезде келген болу керек. Бізде қазір жалпы 12 733 экспонатымыз болса, олардың ішінде самаурын, келі-келсап, қолдиірмен сияқты тағы басқа бабаларымыз қолданған түрлі пішіндегі көне бұйымдар да кездеседі, – дейді музей директоры Нағима Тілембаева.



Біз сөз еткен жез самаурынның биіктігі – 85 см, диаметрі – 42 см, сыйымдылығы 40 литр. Ұстайтын екі құлағы, шүмегі бәрі қызмет атқарады, шүмек тұтқасы жапырақ тәрізді безендірілген, жез түсі де өз қалпында.

Елордадағы жеке музейіне еліміздің түкпір-түкпірінен 100-ден астам көне самаурын жинаған зергер, ұста Берік Әлібайдың телеарналардың біріне берген сұхбатында сыртына жезден, мыстан жасалғаны байқалатын самаурындардың тарихы тым ертеден бастау алатынын айтады. Себебі бұндай самаурындардың уақыт өте сырты қараятындықтан, XX ғасырдан бергі жасалған самаурындарға никель жалатылған. Никель жалатылған ыдыс айнадай жалтырап тартымды көрінеді және түсі ешқашан өзгермейді екен. Негізінен самаурынды шығарушы ұстаханалардың шеберлік көрмелеріне қатысқандығын айшықтайтын арнайы белгілері де соғылып отырған. Осы таңбаланған белгінің саны мен самаурынның салмағына қарай құны белгіленген.

Бұрын қазақ даласында сиыр малы 1 рубльге бағаланса, салмағы басым жез самаурындар 25 рубль тұрған. Сондықтан да алғашқы кезде бұл бұйымдарға бай-бағландардың ғана қолы жеткен деседі. Шалқар музейіндегі жез самаурыннан зергер айтқандай арнайы белгіні таппадық. Бірақ оны көтеретін бір адамға едәуір салмағы бар.

Мұхтар МЫРЗАЛИН

Ақтөбе облысы,
Шалқар қаласы

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Ақтөбе

1924-2024 ЖЫЛ

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді
www.aqtobeqazeti.kz, aktobegazeti@mail.ru


ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ

№24 (21.472)
21 наурыз 2024 жыл, бейсенбі

Жәдігер

СЫРЫ БӨЛЕК САМАУРЫН

Уақыт алға жылжып, технология дамыған сайын ұлттық құндылықтарымызбен астасқан кейбір тұрмыстық бұйымдарымыз көненің көзіне айналып, көмескіленіп барады. Бұл ретте мұржасынан будақтаған түтінімен ауыл бейнесін, халқымыздың берекелі дастарқанын айшықтайтын шоқ самаурындардың орны бір бөлек.



Түп тарихы өзге болса да самаурын қазақ даласымен ғасырлар бойы біте қайнасып, көшпелі халқымыздың тұрмысына ең қолайлы төл бұйымына айналды.

Ыстық шайы сағынышқа айналған сол самаурындарды, негізінен, музейлерден көресің. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінде ескіліктің журнағындай болған бұл бұйымдар бір қатарды алып тұр. Арасындағы үлкен жез самаурын анадайдан көз тартады, музейге келген қонақтар да оны қызықтап, жанында суретке түседі. Көптің назарын өзіне бұратын аталған бұйымның тарихын жақында музей қызметкерлерінен сұрадық.

— Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің тарихы 1987 жылдың қараша айынан бастау алады. Ұлт қазынасын қамтитын бұл орынды жәдігерлермен толықтыру ісіне алғашқы кезде өлкеміздегі мекеме, кәсіпорындармен қатар, жергілікті тұрғындар да қызу атсалысқан. Бұл үлкен самаурын — музей ашылғанда қойылған алғашқы жәдігерлердің бірі. Алайда оны нақты кімнің әкелгені белгісіз, кезіндегі «Шалқар қаласындағы теміржол ауруханасынан тапсырылды» деген мәлімет қана бар. Ғасырдан астам уақыт бұрын өлкеміздің үстінен Орынбор-Ташкент теміржолының құрылысы басталып, Ресей инженерлері осында қоныстанған. Меніңше, бұл бұйым сол кезде әкелінген болуы керек деп ойлаймын. Бізде қазір жалпы 12733 экспонатымыз болса, олардың ішінде самаурын, келі-келсап, қол диірмен сияқты бабаларымыз қолданған түрлі пішіндегі көне бұйымдар да кездеседі. Алда ашық аспан астындағы музей күнін ұйымдастырып, осы жәдігерлердің тарихын тағы бір мәрте екшеу жоспарымызда бар, — дейді музей директоры Нағима Тілембаева.

Біз сөз еткен жез самаурынның биіктігі — 85 см, диаметрі — 42 см, сыйымдылығы — 40 литр. Ұстайтын екі құлағы, шүмегі — бәрі өз орнында, шүмек түтігі жапырақ тәрізді безендірілген, жез түсі де өз қалпында.

Елордадағы жеке музейіне еліміздің түкпір-түкпірінен 100-ден астам түрлі пішіндегі ескі самаурынды жинаған Қазақстан Суретшілер және Дизайнерлер одағының мүшесі, зергер, ұста Берік Әлібайдың республикалық телеарналардың біріне берген сұхбатында сыртына жезден, мыстан жасалғаны байқалатын самаурындардың тарихы тым ертеден бастау алатыны айтылады. Себебі бұндай самаурындардың металы уақыт өте қараятындықтан, XX ғасырдан бергі жасалған самаурындарға никель жалатылған. Никель жалатылған ыдыс айнадай жалтырап тартымды көрінеді және түсі ешқашан өзгермейді екен. Негізінен, самаурындарды шығарушы ұстаханалардың шеберлік көрмелеріне қатысқандығын айшықтайтын арнайы белгілері де соғылып отырған. Осы таңбаланған белгінің саны мен самаурынның салмағына қарай құны белгіленген. Бұрын қазақ даласында сиыр малы 1 рубльге бағаланса, салмағы басым жез самаурындар 25 рубль тұрған. Сондықтан да алғашқы кезде бұл бұйымдарға бай-ғаландардың ғана қолы жеткен деседі. Шалқар музейіндегі жез самаурыннан зергер айтқандай арнайы белгіні таппадық. Бірақ оны көтеретін бір адамға еңсеріп салмағы бар.

Екі иінінен демалып, ел игілігімен жасасқан самаурындар байтақ жерімізге XIX ғасырдың басында этномәдени байланыстар нәтижесінде, яғни сауда, айырбас, тарту-таралғылар түрінде келіп, біртіндеп тұрмысқа енген. Оның жасалу сыры, атақты жәрмеңкелерде бағаланған құны жөнінде айтылатын аңыз әңгімелер көптеп кездеседі.

Мұхтар МЫРЗАЛИН,
Шалқар қаласы.

ӘЗ НАУРЫЗ БАҚ-БЕРЕКЕ, ЫРЫС-НЕСІБЕСІМЕН КЕЛСІН!

ШАЛҚАР

Газет 1932 жылдың 20 наурызынан шығады

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№12 (8859) 20 наурыз, сәрсенбі, 2024 жыл shalkargazeti1932@mail.ru shalqargazeti.kz

ЖӘДІГЕР

СЫРЫ БӨЛЕК САРЫ САМАУРЫН

Уақыт алға жылжып, технология дәуірі өрлеген сайын ұлттық құндылықтарымызбен астасқан кейбір тұрмыстық бұйымдарымыз көненің көзіне айналып, көмескіленіп барады. Бұл ретте — мәрмәсінен бұдақтаған түтінімен ауыл бейнесін, халқымыздың берекелі дастарханын айшықтайтын самаурындардың орны бір бөлек. Түп тарихы өзге болса да олар қазақ даласымен ғасырлар бойы біте қайнасып, көшпелі халқымыздың тұрмысына ең қолайлы тәл бұйымына айналды.

Ыстық шайы сағынышқа айналған сол самаурындарды бүгінде музейлерден ғана көресің. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінде ескіліктің жұрнағындай болған бұл бұйымдар бір қатарды алып тұр. Арасындағы өнселі жез самаурын анадайдан көз тартады, музейге келген қонақтар да оны қызықтап, жанында суретке түседі. Көптің назарын өзіне бұратын аталған бұйымның тарихын жақында музей қызметкерлерінен сұрадық.

— Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің тарихы 1987 жылдың қараша айынан бастау алады. Ұлт қазынасын қамтитын бұл орынды жәдігерлермен толықтыру ісіне алғашқы кезде өлкеміздегі мекеме, кәсіпорындармен қатар, жергілікті тұрғындар да қызу атсалысқан. Бұл үлкен самаурын музей ашылғанда қойылған алғашқы жәдігерлердің бірі болып саналады. Алайда оны нақты кімнің әкелгені белгісіз, кезіндегі «Шалқар қаласындағы теміржол ауруханасынан тапсырылды» деген мәлімет қана бар. Ғасырдан астам уақыт бұрын өлкеміздің үстінен Орынбор-Ташкент теміржолының құрылысы басталып, Ресей инженерлері осында қоныстанған. Меніңше, бұл бұйым сол кезде келген болу керек деп ойлаймын. Бізде қазір жалпы 12 733 экспонатымыз болса, олардың ішінде самаурын көлі-көлсап, қол дирмен сияқты т.б. бабаларымыз қолданған түрлі пішіндегі көне бұйымдар да кездеседі. Алда ашық аспан астындағы музей күнін ұйымдастырып, осы жәдігерлердің тарихын таңы бір парақтау жоспарымызда бар, — дейді музей директоры Нағима Тлембаева.

Біз сөз еткен жез самаурынның биіктігі — 85 см, диаметрі — 42 см, сыйымдылығы 40 литр. Ұстайтын екі құлағы, шүмегі бәрі қызмет атқарады, шүмек түтқасы жапырақ тәрізді безендірілген, жез түсі де өз қалпында.

Елордадағы жеке музейіне еліміздің түпкір-түпкірінен 100-ден астам түрлі пішіндегі ескі самаурындарды жинаған ҚР Суретшілер және Дизайнерлер Одағының мүшесі, зергер, ұста Берік Әлібайдың республикалық телеарналардың бірінде берген сұхбатында сыртына жездең, мыстан жасалғаны байқалатын самаурындардың тарихы тым ертеден басталатыны айтылады. Себебі бұндай самаурындардың металы уақыт өте қараятындықтан, XX ғасырдан бергі жасалған самаурындарға никель жалатылған. Никель жалатылған ыдыс айнадай жалтырап тартымды көрінеді және түсі ешқашан өзгермейді екен. Негізінен самаурындарды шығарушы ұстаханалардың шеберлік көрмелеріне қатысқандығын айшықтайтын арнайы белгілері де соғылып отырған. Осы таңбаланған белгінің саны мен самаурынның салмағына қарай құны белгіленген. Бұрын қазақ даласында сиыр малы 1 рубльге бағаланса, салмағы басым жез самаурындар 25 рубль тұрған. Сондықтан да алғашқы кезде бұл бұйымдарға бай-бағландардың ғана қолы жеткен деседі. Шалқар музейіндегі жез самаурыннан зергер айтқандай арнайы белгіні таппадық. Бірақ оны көтеретін бір адамға едәуір салмағы бар.

Екі иінінен демалып, ел игілігімен жасасқан самаурындар байтақ жеріміз XIX ғасырдың басында этномәдени байланыстар нәтижесінде, яғни сауда, айырбас, тарту-таралғылар түрінде келіп, біртіндеп тұрмысқа енген. Оның жасалу сыры, атақты жәрмеңкелерде бағаланған құны жөнінде айтылатын аңыз-әңгімелер қазір көптеп кездеседі. Өз дәуірінде дәуірлеп, бүгінде адамзатқа деген қажеттілігі азайса да құнды жәдігерлер ортасынан орын алған бұл қазыналы ыдыстарда халқымыздың ырысы бар екені анық.

М.БОҚАН.

